

1993 жылы туған азаматтарды Қарағанды облысы Балқаш қаласы біріктірілген қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің шақыру теліміне тіркеуді жүргізу туралы

Мерзімі біткен

Қарағанды облысы Приозерск қаласы әкімінің 2010 жылғы 25 қаңтардағы N 1 шешімі.
Қарағанды облысы Балқаш қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 24 ақпанда N 8-4-168 тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңның орындау мақсатында, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 мамырдағы N 371 "Қазақстан Республикасында әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу тәртібі туралы ережені бекіту туралы" қаулысын басшылыққа ала отырып, қала әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Балқаш қаласы біріктірілген қорғаныс істері жөніндегі бөлімі (Бекмағамбетов Б.Ә . келісім бойынша) 1993 жылы туған азаматтарды, сондай-ақ бұрын Балқаш қаласы біріктірілген қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің шақыру теліміне тіркелмеген жастары үлкен азаматтарды тіркеу 2010 жылғы қаңтар - наурыз аралығында жүргізілсін.

2. Мекеме, кәсіпорын мен ұйымдардың басшылары, мектептер мен басқа қоғамдық салалардың директорлары әскерге дейінгі жастарды медициналық тексеруден өту үшін және құжаттарды жинау үшін, шақыру қағаздарын алысымен жұмыстарынан, сабақтарынан босату ұсынылсын.

3. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау қала әкімінің орынбасары Н.О. Дүйсембаевке жүктелсін.

4. Осы шешімі ресми жарияланған күннен бастап заңды күшіне енеді.

Қала әкімі

Н. Бікіров

"КЕЛІСІЛДІ"

Балқаш қаласы біріктірілген қорғаныс
істері жөніндегі бөлімінің бастығы

подполковник

Б.Ә. Бекмағамбетов

2010 жыл 22 қаңтар